ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 ақпан №5294-23-00-4/1678 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты, құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Н.Рахынбаев,
сот отырысының хатшысы М.Мырзабаевтың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша әкімшілік істі қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Амаль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі;
2. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі;

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі;
«Изыскатель-НС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
«Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. 2023 жылғы 07 желтоқсандағы №10805137 хаттамасының талап қоюшыға қатысты соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесіне 3 балл есептеу бөлігін заңсыз деп тану;
2.Мемлекеттік сатып алудың №10858839-2 хабарландыру бойынша «Шымкент қаласы, Айқап –Түркістан шағын ауданында кәріз желілерінің құрылысы» жұмыстарына техникалық қадағалау» конкурсы бойынша – «Амаль» ЖШС-нің соңғы 5 жұмыс тәжірибесіне 5 балл есептеуді міндеттеу және «Изыскатель-НС» ЖШС-ін конкурсқа жібермеуді міндеттеу туралы.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

Құжатқа қол қойылған: Рахынбаев Н. Н., 12.02.2024

талап қоюшы өкілі А.Қасым;
жауапкерлердің өкілдері А.Аширбаев, Ж.Тоқсанбаев;
мүдделі тұлғалар өкілдері А.Қайырмағанбетова, Д.Райымбекова, Ш.Турысбеков;
прокурор А.Мырзакеримова.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Конкурс ұйымдастырушысы «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мемлекеттік сатып алу басқармасы) тарапынан ашық конкурс тәсілімен №10858839-2 санды №63032870-ОК1 санды лот бойынша (Шымкент қаласы, Айқап-Түркістан шағын ауданында кәріз желілерінің құрылыс жұмыстарына техникалық қадағалау қызметіне мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі - Конкурс) өткізілген.

Жұмыстарды тапсырыс беруші «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) болған.

Аталған конкурсқа әлеуетті өнім беруші «Амаль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - талап қоюшы, Серіктестік) қатысуға өтінім ұсынған.

2023 жылғы 7 желтоқсандағы №108051137 хаттамасы негізінде талап қоюшыға қатысты 3 балл есептеліп, конкурс бойынша «Изыскатель-НС» ЖШС-гі жеңімпаз болып табылған.

Талап қоюшы бастапқы және қосымша талап қою арыздарымен сотқа жүгініп, оны уәкілетті орган заңсыз шешім қабылдағандығын, 2021 жылғы және 2022 жылға жұмыс тәжрибесін негізсіз есептемегендігін, заңсыз жұмыс тәжрибесін 3 балл деп санағанын және «Изыскатель-НС» ЖШС-ін конкурсқа негізсіз жіберілгенін негіздеген.

Жауапкер Мемлекеттік сатып алу басқармасының өкілі қарсы пікірінде әкімшілік талап қою арызымен келіспей, талап қоюшының талап арызда келтірілген жұмыс тәжирбесі бойынша, Қағиданың 279-тармағына сәйкес,конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі бар әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Қағиданың 280-тармағындакөрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

Техникалық қадағалау қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісі жұмыс тәжірибесін растайтын құжат болып табылады. Аталған Қағидаға сәйкес,

Құжатқа қол қойылған: Рахынбаев Н. Н., 12.02.2024
5294-23-3-1-1/1679

Талап қоюшыға баға ұсынысына әсер ететін жұмыс тәжірибесінің Басқарма тарапынан (3%) есептелген.

Сонымен қатар, аталған конкурстың 2023 жылғы 07 желтоқсандағы қорытынды хаттамасы бойынша жеңімпаз деп аталған «Изыскатель-НС» ЖШС-гі ұсынылған өтінімде, біліктілік еңбек талаптарын растайтын, Е.Д.Бекенов, С.М.Аманкулов, Қ.Қ.Ильясов, М.У.Аманкулов, С.Т.Қарабаев, Ж.Ж.Сыздықов, А.С.Егізбай, Б.Б.Суленов, Б.А.Шакуов, А.Қ.Молдабай, Е.С.Абдраимов, Т.А.Мусаев техникалық қадағалау мамандары Қағиданың 63-тармағына және Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес, біліктілік талаптарға сәйкестігін көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Жауапкер «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-сі (бұдан әрі - Департамент) өкілі қарсы пікірінде, әлеуетті өнім беруші «Амаль» ЖШС-нің көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтеріне Конкурстық құжаттамаға 11-қосымша сәйкес, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағысоңғы 5 жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас сол сияқты орындалған жұмыстар тәжірибесінің болғаны туралы 2018, 2019, 2020, 2021, 2022 жылдар аралығында мәліметтер ұсынылған. Осыған орай, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші «Амаль» ЖШС-не жұмыс тәжірбиесі бойынша 3% орнына, 5% есептеу қажеттігін. Алайда, жұмыс тәжірбиесі бойынша 5 % есептелгенімен, конкурстың қорытынды нәтижесіне әсерін тигізбейдігін және «Изыскатель-НС» ЖШС-не қатысты уәждері өз дәлелін таппағанын айтып әкімшілік талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінен (бұдан әрі - Комитет) және «Изыскатель-НС» ЖШС-гі өкілдері қарсы пікірінде Департамент өкілінің пікіріне ұқсас қарсы пікір білдіріп, әкімшілік талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі А.Қасым әкімшілік талап қою арызында көрсетілген уәждерді толық қолдап, оны толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер Департаменттің өкілі Ж.Тоқсанбаев талапты мойындамай, қарсы пікірінде көрсетілген негіздермен оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер ұйымдастырушының өкілі А.Аширбаев талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Мүдделі тұлғаның өкілдері А.Қайырмағанбетова, Ш.Турысбеков сотта талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Мүдделі тұлға «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» ММ-нің өкілі Д.Райымбекова шешім қабылдауды соттың қарауына қалдырды.

Құжатқа қол қойылған: Рахынбаев Н. Н., 12.02.2024

Прокурор А.Мырзакеримова әкімшілік талап қою арызы ішінара қанағаттандырылуға жататындығы туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1,2 талаптар бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 18-бабы 4-тармағы 1) тармақшасына сай уәкілетті орган бақылау іс-шараларын, оның ішінде камералдық бақылауды жүргізу нәтижесінде бақылау объектісінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғанын анықтаған кезде бақылау объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқама, хабарлама жібереді.

Сот отырысында анықталғандай, конкурс ұйымдастырушымен тарапынан ашық конкурс тәсілімен №10858839-2 санды №63032870-ОК1 санды лот бойынша Шымкент қаласы, Айқап-Түркістан шағын ауданында кәріз желілерінің құрылыс жұмыстарына техникалық қадағалау қызметіне мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі - Конкурс) өткізілген.

Аталған конкурсқа әлеуетті өнім беруші «Амаль» ЖШС-гі қатысуға өтінім ұсынған.

2023 жылғы 7 желтоқсандағы №108051137 хаттамасы негізінде талап қоюшыға қатысты 3 балл есептеліп, конкурс бойынша «Изыскатель-НС» ЖШС-гі жеңімпаз болып табылған.

Конкурстың қорытындысына келіспей «Амаль» ЖШС-гі Департаментке 2023 жылы 16 желтоқсанда мемлекеттік сатып алу бойынша ұйымдастырушының құқыққа қайшы әрекеттері жөнінде шағыммен жүгінген.

Департаменттің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №04-04/4864 хатына сәйкес, конкурстық комиссия, әлеуетті өнім беруші «Амаль» ЖШС-не жұмыс тәжірбиесі бойынша 3 % орнына, 5 % есептеу қажет болатын және жұмыс тәжірбиесі бойынша 5 % есептелгенімен, конкурстың қорытынды нәтижесіне әсерін тигізбейтінін көрсеткен.

Сонымен қатар, шағымыңызда көрсетілген «Изыскатель-НС» ЖШС-не қатысты жұмыс өтілі тек әлеуетті өнім берушінің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан түскен жағдайда ғана есептелу қажет екендігі туралы уәждеріңіз өз дәлелін таппағанын көрсетіп талап қоюшыға хат жолдаған.

Алайда, Департамент тарапынан нәтижелері бойынша анықталған заң бұзушылықтарды жою туралы хабарламасы ұйымдастырушыға жолданбаған, тек арызданушыға хат жолдаумен ғана шектелген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (бұдан әрі - Қағида) 279, 280 тармақтарына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша сатып алынатын көрсетілетін қызметтер

Құжатқа қол қойылған: Рахынбаев Н. Н., 12.02.2024

нарығында жұмыс тәжірибесі бар әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері сатып алынатын қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады.

Техникалық қадағалау қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісі жұмыс тәжірибесін растайтын құжат болып табылады.

Әлеуетті өнім беруші «Амаль» ЖШС-нің көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшем шарттар туралы конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасына сәйкес, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, ағымдағы жылдың алдындағы соңғы бес жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындалған жұмыстар тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер 2018, 2019, 2020, 2021, 2022 жылдарға ұсынылған.

Алайда, Мемлекеттік сатып алу басқармасы кокурстық құжаттарды саралау жүргізу барысында «Амаль» ЖШС-нің 2020 және 2022 жылғы объектілерді қабылдау актілері Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №234 бұйрығымен бекітіліген талаптарға сай келмейтіндіктен есептелуге жатпайды деген тұжырым жасалынған.

«Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №234 бұйрығымен объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің 11-тармақтан тұратын нысаны бекітілген.

Нысан бойынша 9 тармақта жергілікті қамту үлесі жобалау-сметалық құжаттамада_____ % көзделеді және іс жүзінде _____% қолданылды (мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаражаты есебінен қаржыландырылатын объектілерде) және 10 тармақта ғимараттың энергия тиімділігі класы көрсетілуге тиіс болған.

2020 жылғы 30 желтоқсанда тапсырыс беруші Жамбыл облысы Тараз қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-мен Тараз қаласының Қазыбек би және Қонаев көшелерінде орта жөндеу жұмыстары пайдалануға қабылданған.

Ал, 2022 жылғы 27 желтоқсан тапсырыс беруші «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесімен Шымкент қаласы Ұлағат шағын ауданында кәріз жүйесі пайдалануға қабылдау актісімен қабылданған.

Сот отырысында, «Шымкент қаласының энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы» ММ-нің өкілі Д.Райымбекова көрсетілген нысан іс жүзінде қабылданып алғандығын, бекітлген форма бойынша 9 және 10 тармақтары нысандар бойынша қажеттілігі

Құжатқа қол қойылған: Рахынбаев Н. Н., 12.02.2024

болмағандықтан толтырмағандығын, «Амаль» ЖШС-гі жұмыстарды толық орындағанын көрсетті.

Көрсетілген объектілер жол құрлысы және кәріз жүйесінің құрылысы болғандықтан энергия тиімділігі класын және қаржы мемлекеттік бюджеттен бөлінгендіктен бұл тармақтарды көрсетудің қажеттілігі жоқ болған.

Сотта анықталғандай, тапсырыс беруші тарапынан нысандар пайдалануға қабылданған, тиісті уәкілетті органдарда тіркеуге алынған және бүгінгі таңда көрсетілген 2020 және 2022 жылғы қабылдау актілері жарамсыз деп танылмаған және тапсырыс берушілердің қарсылығы жоқ.

Яғни, Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы тарапынан талап қоюшының 2020 жылғы және 2022 жылғы қабылдау актілері бойынша жұмыс өтіліне 5 балл есептемеуге ешқандай негіз болмаған.

Сондықтан, ұйымдастырушы тарапынан қайта конкурс хаттамасының талап қоюшыға 3 балл есептеуге қатысты бөлігі заңсыз деп таныуға жатады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) 156- бабының 1- бөлігінің талабына сәйкес сот, егер талап қоюшының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіге дау айту туралы талап қою негізді болып табылса және сот оның заңсыздығын таныса, онда ол толық немесе қандай да бір бөлігінде оның күшін жояды.

ӘРПК-нің 8-бабына сай, әкімшілік орган, лауазымды адам және сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтай отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына олардың әкімшілік істің мән-жайларын жан-жақты және толық зерттеуге құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндік пен жағдайды қамтамасыз етуге міндетті.

Осы негіздерде, сот талап қоюшының жауапкерлердің 2023 жылғы 07 желтоқсандағы №10858839-ОК2 қорытындылар туралы хаттамаларында «Амаль»ЖШС-не жұмыс тәжиребесі бойынша 3 балл есептеу бөлігі заңсыз деп танып, 5 балл есептеу міндеттелеу туралы әкімшілік талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (бұдан әрі - Қағида) 63 тармағына сәйкес, еңбек өтілі бойынша талап болған жағдайда, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірменің немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтердің электрондық көшірмесі және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі қызметкердің еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады.

Бұл ретте қызметкердің соңғы он жыл ішіндегі жұмыс өтілі ескеріледі.

Құжатқа қол қойылған: Рахынбаев Н. Н., 12.02.2024

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 35 бабына сәйкес, мына құжаттардың кез келгені:

1) еңбек кітапшасы;

2) тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

3) еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

4) жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

6) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;

7) жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

7-1) дуальды оқыту туралы шарт;

8) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;

9) еңбек қатынастарының болуын растайтын заңды фактіні анықтау туралы соттың заңды күшіне енген шешімі жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат болуы мүмкін.

Яғни, жоғарыдағы қағиданың талабына сәйкес, 3 жыл еңбек өтілі, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмесі және Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі ұсынылған жағдайда өтінімі сәйкес келеді деп танылады.

Сонымен қатар, Әлеуетті өнім беруші «Изыскатель-НС» ЖШС-і конкурстық өтінімінде (көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтеріне (Конкурстық құжаттамаға 11-қосымша) сәйкес, еңбек ресурстары бойынша 12 маман ұсынған.

Атап айтқанда:

Бекенов Дархан Ерікұлы – жұмыс өтілі 3 жыл 2 ай,

Аманкулов Самат Меирбекович – жұмыс өтілі 3 жыл,

Ильясов Кадырбек Калдыбекович – жұмыс өтілі 4 жыл 8 ай,

Аманкулов Мейрбек Усенбекович – жұмыс өтілі 4 жыл 7 ай,

Карабаев Сагындык Турапович – жұмыс өтілі 4 жыл 7 ай,

Сыздықов Жақып Жамбылұлы – жұмыс өтілі 7 жыл 9 ай,

Егізбай Арыслан Серікұлы – жұмыс өтілі 4 жыл 7 ай,

Суленов Баходир Батырбекович – жұмыс өтілі 3 жыл 7 ай,

Шакуов Берик Алтаевич – жұмыс өтілі 6 жыл 8 ай,

Молдабай Асқар Қанжарбекұлы – жұмыс өтілі 3 жыл 2 ай,

Абдраимов Егенберды Сарыкулулы – жұмыс өтілі 7 жыл,

Құжатқа қол қойылған: Рахынбаев Н. Н., 12.02.2024

5294-23-3-1-1/1679

Мусаев Талгат Абенулы - жұмыс өтілі 7 жыл.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1 бабы 59)-тармақшасына сәйкес, техникалық қадағалау – ол орындалған жұмыстың сапасын, мерзімін, құнын, қабылдап алынуын және объектінің пайдалануға берілуін қоса алғанда, жобаны іске асырудың барлық сатысында құрылысты қадағалау.

Заңның 34-1-бабы 7 тармағына сәйкес, тиісті жауапкершілік деңгейіндегі техникалық қадағалауды орындау жөніндегі аттестатқа ие, құрамында кемінде үш сарапшысы бар аккредиттелген заңды тұлғалар бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерге техникалық қадағалауды жүргізуге тиіс.

Техникалық қадағалау сарапшысының аттестаты бар жеке тұлғалар қызметін екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық жағынан күрделі емес объектілерде жүзеге асырады.

Сот отырысында анықталғандай, «Изыскатель-НС» ЖШС-нің еңбек рессурстарында жоғарыда аталған барлық сарапшылар аттестатталған.

Талап қоюшының «жұмыс өтілі тек әлеуетті өнім берушінің бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан түскен жағдайда ғана есептелу қажет екендігі туралы» уәждер сот негізсіз деп санайды себебі мемлекеттік сатып алу заң нормаларында қаралмаған.

Сот, көрсетілген заң нормаларына сүйене отырып, талап қоюшының «Изыскатель-НС» ЖШС-ін конкурсқа жібермеуді міндеттеу туралы талап қою бөлігінде қанағаттандырудан бас тартуға жатады деп табады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ӘРПК-тің 151,152,154-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Амаль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер «Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі, 2023 жылғы 07 желтоқсандағы №10805137 хаттамасының талап қоюшыға қатысты соңғы 5 жылдағы жұмыс тәжірибесіне 3 балл есептеу бөлігін заңсыз деп тануды және мемлекеттік сатып алудың №10858839-2 хабарландыру бойынша «Шымкент қаласы, Айқап –Түркістан шағын ауданында кәріз желілерінің құрылысы » жұмыстарына техникалық қадағалау» конкурсы бойынша – «Амаль» ЖШС-нің соңғы 5 жыл жұмыс тәжірибесіне 5 балл есептеуді міндеттеу және «Изыскатель-НС» ЖШС-ін конкурсқа жібермеуді міндеттеу туралы

Құжатқа қол қойылған: Рахынбаев Н. Н., 12.02.2024

әкімшілік талап қою арызы – ішінара қанағатандырылсын.

Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 07 желтоқсандағы №10858839-ОК2 қорытындылар туралы хаттамаларында «Амаль»ЖШС-не жұмыс тәжиребесі бойынша 3 балл есептеу бөлігі заңсыз деп, күші жойылсын.

Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 07 желтоқсандағы №10858839-ОК2 қорытындылар туралы хаттамаларында «Амаль»ЖШС-не жұмыс тәжиребесі бойынша 5 балл есептеу міндеттелсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзім ішінде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауға тиіс.

Заңды күшіне енбеген соттың шешіміне әкімшілік процеске қатысушылар Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 168-бабының, Азаматтық процестік кодексінің 404-бабының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беру арқылы апелляциялық тәртіппен түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Шымкент қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы шағым жасауы мүмкін.

Судья **Н.Н.Рахынбаев**

Құжатқа қол қойылған: Рахынбаев Н. Н., 12.02.2024

5294-23-3-1-1/1679